берудің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына енгізілген толықтыруларға сәйкес іске асырылады.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны келесідей оқу пәндері арқылы іске асырылады:

«Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Орыс тілі», «Шетел тілі».

«Әліппе», «Ана тілі» пәндерінің әліпбиге дейінгі және одан кейінгі кезеңінің міндеттері бірінші жартыжылдықта «Әліппе» оқулығымен, екінші жартыжылдықта қазақ тілінде білім алушылар үшін «Ана тілі» оқулығы арқылы жүзеге асырылады;

«Шетел тілі» 3-4 сыныптарда аптасына 2 сағаттан оқылады.

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Цифрлық сауаттылық» оқу пәндері арқылы іске асырылады. «Цифрлық сауаттылық» 1-сыныптарда екінші жарты жылдықта аптасына 1 сағаттан өткізіледі.

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәні арқылы іске асырылады.

«Музыка», «Көркем еңбек»,«Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы ұсынылған.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде іске асырылады.

1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын міндетті түрде оқу қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде іске асырылады: бастауыш сынып мұғалімдерінің жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда - 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағатты құрайды.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын сынып жетекшілері сынып сағаттары және сыныптан тыс сабақтар есебінен: 1-4 сыныптар бойынша әр сыныпта 6 сағаттан, жылдық жұмыс жоспарындағы тақырыбы мен күнін көрсете отырып іске асырады.

**4.2** 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында оқу-тәрбие жұмыстары сегіз бағыт бойынша жүргізіліп, отырыстар, педагогикалық кеңестер, психологиялық-педагогикалық семинарлар, тренингтер, сыныптың әдістемелік бірлестігі арқылы ғылыми-әдістемелік негізде құрылған әдістері таңдалды.Ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер, практикалық жаттығулар мен рөлдік ойындар, диспуттар мен пікірталастар, қызықты адамдармен акциялар мен кездесулер сияқты оқушылармен жұмыстың интерактивті әдістері мен формалары қолданылды. Мектепте оқу және сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі бағыттары бойынша әр оқушының жеке тұлғасын дамытуға жағдай жасалды, үйірмелер, спорт секциялары, жобалық іс-шаралар жұмыс істеді.

Жыл сайын мектебімізде дәстүрлі түрде өткізілетін мерекеелер:

«1 қыркүйек білім күні»

«Спорт апталығы» денсаулық фестивалімен аяқталды.

«Қазақстан Республикасы халықтары тілдерінің онкүндігі»

«Мұғалімдер күні»

«Қарттар күні»

«Қамқоршылар күні»

«Күз мерекесі»

«Республика күні»

«Тәуелсіздік күні»

«Жаңа жылдық ертеңгіліктер», «Жаңа жылдық бал»

«Төтенше жағдайлардан қорғау үшін балалар күні» (өмір қауіпсіздігі негіздеріне негізделген)

«8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні»

«Наурыз»

«Қазақстан Республикасы халқының бірлігі күні»

«Отан қорғаушылар күні»

«Жеңіс күні»

«Отбасы күні»

«Соңғы қоңырау»

Мектептің барлық оқушылары дәстүрлі мектеп іс-шараларына қатысады, бірақ мектеп өміріндегі